

Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы № 277 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4-6) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 24.06.2026 № 333 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 19 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Сүйінтаева

Облыстық мәслихаттың 2025
жылғы 10 желтоқсандағы № 277
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері

№ р/н	Қалалар және елді мекендердің санаты	Жалға алу ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге айлық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)		
Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері		Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері	Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер	Монументтік өнер құрылыстары
1.	Ақтөбе қаласы	0,8	0,6	1,0
2.	аудандық маңызы бар қалалар Алға, Жем, Қандығаш, Темір, Ембі, Хромтау және Шалқар	0,6	0,4	0,8
3.	кенттер*	0,4	0,4	0,6
4.	ауыл*	0,2	0,2	0,4

Ескерту:

Коммуналдық меншіктегі жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелері жалға алу ақысының мөлшерлемелерін жалға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.

Жалға алу ақысының мөлшерлемелері "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қалалар мен елді мекендердің санаттарын ескере отырып анықталады.

кенттер*, оларға халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер жатады

Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

ауылдар* - халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.